

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 315 (2017), 54 – 57

UDC 811.512.122

K.K. Rysbergen

Institute of Linguistics named after A.Baitusynuly
ms.rysbergen@mail.ru

**ETHNOCULTURAL SPECIFICITY
OF ONOMASTIC NOMINATION**

Abstract. The last two decades were marked by the rapid development of national linguistics in the anthropocentric direction. This scientific paradigm, first of all, focuses on the human factor, the person himself and his perception are the coordinate and measure of all that is valuable. The article considers the perception of the surrounding reality by the national consciousness, in this case, the perception peculiarities with the subsequent nomination of geographical objects. This, in turn, determines the national specificity of the act of the onomastic nomination, which is reflected in the peculiarities of Kazakh toponyms. The following are examples of perception, nomination of the same onomastic object by representatives of different linguocultures.

Key words: onomastics, nomination, linguocultural, linguistic, geographical name

УДК 811.512.122

Қ.Қ.Рысберген

Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ НОМИНАЦИЯДАҒЫ
ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Аннотация. Соңғы екі онжылдық көлемінде отандық лингвистикада антропоэзеттік бағыт қарқынды даму үстінде. Әлемдегі бұл жаңа ғылыми парадигмада тілдік құндылықтарды бағалайтын да, зерделейтін де адамның өзі, оның қабылдау қасиеті. Мақалада қоршаған ортаны ұлттық қабылдау ерекшеліктеріне сай географиялық, т.б. ономастикалық нысандарға ат қою үрдісі де ұлттық сана сүзгісінен өтеді. Өз кезегінде ономастикалық номинация ұлттық ерекшелігі қазақ топонимдерінің семантикасында айқын көрініс табады. Сондай ақ, мақалада әр алуан халықтардың лингвомәдениетінде қоршаған ортаны өзіндік ерекше қабылдауы нәтижесінде нақты бір ономастикалық нысанның әр түрлі болып аталыну мысалдары келтіріледі.

Түйін сөздер: ономастика, номинация, аталым, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік, географиялық атау.

Ономастикалық номинация (аталым термині қатар қолданыс табады) негізінде жатқан когнитивтік әрекеттер (нейрофизиологиялық, биолингвистикалық т.б.) адамзат баласына ортақ әрі әмбебап қасиеттер екендігі белгілі. Қоршаған дүниені тану механизмдері мен жалпы тілдегі аталым негіздері адамдардың барлығына ортақ іргелі принциптер.

Алайда когнитивтік семантикада этномәдени компоненттің болуы да жалпы тілдегі, ономастикадағы ортақ универсалия екендігін де мойындау керек. Яғни қоршаған ақиқат дүниеден көру, есту, сезіну нәтижесінде алынған ақпараттардың қабылдану, өңделу, ұқсату, бар білімдермен салыстырылу, тыңдалу, сөйлеу арқылы сыртқа шығару әктісі ретінде қалыптастырып шығару т.т. көптеген менталдық операциялар ортақ болып келіп, когнитивтік репрезентациясымен сәйкес тілдік бірліктермен вербалдануы, бейвербалды репрезенттеле сәтінен бастап айырмашылықтар айқындала бастайды. Ол айырмашылықтар қай кезде басталады және олардың сипаты қандай деген сауал туындайды. Ол сауалға қазақ тіл біліміне қатысты ғана айтсақ, көптеген этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік, лингвоконцептуалдық зерттеулерден жауап табуға болады.

Ең алдымен қоршаған дүниені, онтологиялық, этнологиялық кеңістікті халықтың танымына, менталитетіне сай категориялау, концептуалдау, заттар мен құбылыстарды сәйкес ұғым, тілдік бірліктер арқылы ұлттық санада репрезенттеу ерекшеліктеріне т.т. байланысты екендігін айрықша атау қажет.

«Құндылықтар жүйесіндегі стереотиптерді айқындау – тарихи лингво-мәдениеттану ғылымының аса маңызды міндеті болып табылады. Себебі олар тұлғаның этномәдени табиғатын (мәнділігін) қалыптастыратын этномәдени сананың қаңқасын (негізін) құрайды. Мәселеге бұл тұрғыдан келгенде адам өмірі – қарапайым ғана биологиялық процестер (туылу, өсу, даму, өлу) немесе табиғатпен етене араласу, өзара әрекеттесу процестері болып қана қалмайды. Белгілі бір мәдени кеңістікте алынған адам өмірі – оның интенциялары мен құндылықты-мәнділік қатынастардың біртұтас әлемінің қалыптасуы, дамуы және жетілдірілуі – болып шығады» [1, 150 б.].

Алуан түрлі тілдік репрезентациялар мәдени тұрғыдан кодталған білімдердің лингвосемиотикалық қатарын түзеді. Лингвосемиотикадағы мәдени кодты Н.Ф.Алефиренко былай түсіндіреді: «Сформированная стереотипами этнокультурного сознания конфигуративная совокупность знаков и механизмов их применения с целью осуществления двух взаимосвязанных процессов: а) образования и структурирования довербальных смыслов; б) их вербализация в ходе обработки, преобразования, хранения и передачи внегенетической информации в рамках определенной коммуникативно-прагматической парадигмы» [1, 62 б.]. Ғалым тілдік таңба мағынасындағы тарихи-мәдени тәжірибенің кодталуын сөйлеу арқылы ойлау әрекетінің екі жағымен (когнитивтік және дискурсивтік) байланыстырады.

Этнотілдік кодтау–танымының өте тереңде жатқан іргелі негіздеріне қатысты когнитивтік процестер деңгейінде өтетін әрекет. Бұл туралы Н.Ф.Алефиренко: «Белгілі бір этномәдени кеңістік аясында құндылықтық–мәнділік қатынастарды реттейтін имплицитті құрылымдар бола отырып, тілдің үйлестіруші тетіктері қоршаған әлемді семантизациялаудың өзіндік бір этнотілдік матрицасы қызметін атқарады» – деп көрсетеді [1, 62 б.].

Физика-географиялық нысаналардың қандай ерекше қасиеттері өзіне адам назарын айрықша тартып, топонимдік атауларда көрініс табады деген мәселе оның этномәдени, этнотілдік табиғатымен тығыз байланыста түсіндіріледі. Проприалдық (ономастикалық) номинация негізіндегі уәжділік белгілер ең алдымен: 1) жер бетінің ландшафтық табиғи ерекшелігін; 2) сырт пішінін, көлем-аумағын; 3) кеңістікте орналасуын; 4) флорасы мен фаунасының сипатын; 5) түр-түсті; 6) адамдардың әлеуметтік-экономикалық тіршілік әрекетін білдірген.

Қазақ халқының географиялық нысандарға атау қою негізіндегі тілдік танымдық әрекетін Б.Тілеубердиев былай түсіндіреді: «Адам қоршаған ортаны, ландшафт ерекшеліктерін, жер бедерін, сан алуан географиялық нысаналарды өзімен, өз өмірі болмысымен, түрлі заттар және құралдармен, түр-түс, пішін (қалып), іс-қимылдармен т.б. көптеген құбылыстармен салғастырып, салыстырып, ұқсатып барып таныған, сол таным процесі барысында атау қойған, номинациялаған» [2, 151 б.].

Адамның когнитивтік-ментальдық әрекеттері мен қабілеттері ұқсас, ортақ болып келетіндігі мәлім, ал онда бар адамзатқа ортақ нысана, мысалы, космономдік атаулардың ішінен *Құс жолы* атауын алып қарасақ, қаншама айырмашылық пен ұқсастықты аңғаруға болады. Белгілі орыс топонимісі В.А.Никонов осы бір ғана атаудың көп нәрсені аңғартатыны туралы былай дейді: «Космонимы древни. Они отразили и сохранили следы былых представлений человечества о мироздании; они могут многое рассказать о давнем укладе жизни, о прежних передвижениях народов и их связях. Как по-разному увидели различные народы один и тот же космический объект, показывают названия *Млечного пути*. Для одних он – *Льжньий след*, для других – *Серебряная река*, *Путь вора соломы*, он же *Тропа змеи*, *Спина бога*, *Щетина на спине*, *Дорога душ*, *Где волочили медведя*, *Песчаная река*, *Чумацкий шлях*, *Дорога в Иерусалим*» [3]. Азия халықтарының (тұңғыс-манжұр тобындағы) көбісінде бұл атау құсқа қатысты болып келеді екен: татар *Киек казюлы* «Жабайы қазы жолы», чуваш тілінде *Хуркайнак суле*, башқұртша *Каз юлы*, мари тіліне *Кайккымбо корно*, мокша, эрзя тілдерінде *Каргонь ки* «Тырнарлар жолы», тіптен, финн-суоми тілінде *Linnarata*, эстондарда *Linnunree* «құс жолы» дегенді білдіреді екен. Түркі территориясының шеткері аймақтарында орналасқан түрік, әзірбайжандар «Таяу шығыстық» идеяға жақын болған.

Қарап отырсақ, өте ерте кезден көкке көз тіккен көптеген халық өкілдері бір ғана ғарыштық нысанадан неше түрлі бейнені көрген. Солтүстік халықтары шаңғы жолын көрсе, славяндар төгіліп, ағып жатқан сүт жолын, украиндықтар арбаның соңынан жерге шашылған тұз жолын көрген. Қазақтардың ата-бабалары көкте үйірленіп, созылып ұшқан құстарды елестетуінде қоршаған дүниені қабылдау ерекшелігі жатыр және оның танымындағы поэтикалық, эстетикалық компонентті де көрсетеді. Космонимдер, өзге де макротопонимдік сипаттағы феноменонимдер негізінде осы мысалдарды көптеп келтіре беруге болар еді.

Мәселен, эвенк тілінде, Амур өзенін мекендейтін саны аз халықтардың тілінде табиғи орта ерекшелігі өзінше детальданған. Жазы қысқа, қысы ұзақ бұл аймақта жыл бойына қар жауады, негізгі кәсіптері марал, бұғы малын өсіру, аңшылықпен айналысу. Сол себептен, эвенк тілінде қардың көптеген түрін айырады, ал «қар» деген ортақ (родовой) ұғым жоқ екен. Тіптен, жаз айларында жауатын қарды «дюгарман» деп атайды,

ал біздің ұғымымызға сай қардың «ламу» деп бір лексемамен берілетін түрі «глубокий снег, при котором прекращается охота с собакой на пушного зверя» деген бір мағынаны білдіреді. Қар бетіндегі іздің өзі көптеген түрге жіктеледі екен. Бұл географиялық фактордың солтүстік халықтарының өзіндік «ғалам бейнесін», «ғаламның тілдік бейнесінің» қалыптасуында, қайталанбас ұлттық ұғым, бейне, концептілерімен өрнектелуіндегі айрықша рөлін көрсетіп тұр. Сондай-ақ қоршаған ортаны тану, игеру, икемдену барысында эвенк, эксимос т.б. солтүстік халықтарында да байқампаздық, қырағылық, із кесушілік т.б. сынды когнитивтік қабілеттері тәжірибе, ұлттық таным, дәстүрлі мәдениет негізінде қалыптасқандығын білдіреді. Сулы аймақты, мұхит, теңіз жағалауларын мекендейтін тайпа, этностарда суда жүзу, терендікке сүңгу, теңіз түбінен маржан теру қабілеті қатты дамыған, теңіз фауна, флорасын, теңіз орографиясын жетік меңгерген ол халықтардың лингвомәдениетінде, дүниені категоризациялауда осы ақиқат үзігіне қатысты ұғым, түсінік, тілдік бірліктер мейлінше дамыған. Яғни қоршаған ортаның ерекшелігі адамдардың, этностардың кейбір когнитивтік қасиеттерінің айрықша дамуына себеп болады деген ой айтқымыз келеді. Бірақ ол когнитивтік қасиеттер басым болғанмен, ассоциациялардың интерсубъектілік ұқсастықтары әмбебап семантикалық мағыналардың болуымен де, қорыта айтқанда сана «жұмысымен» де түсіндіріледі.

Осы жерде айтпақ ойымызды Н.Б.Мечковскаяның сөздері ықшамды түрде былай жеткізеді: «Тұтас алғанда біздің ақиқат болмысты қалай қабылдайтынымыз тілге байланысты емес, керісінше, болмыс әр алуан тілдерде түрліше бейнеленеді, бұл халықтың материалдық және қоғамдық өміріндегі жағдайлардың түрліше болып келуіне қатысты мәселе» [4, 118 б.]. Яғни географиялық фактор этномәдени фактордың қалыптасу ерекшелігіне негіз болады, оны айқындауға атсалысады.

Адамның танымдық әрекеті оның биологиялық табиғаты сияқты, сондай-ақ, жалпы табиғаттың өзі сияқты бірегей Орыс философы Н.А.Бердяевтің сөзімен айтсақ: «Национальный человек больше, а не меньше, чем просто человек, в нем есть родовые черты человека вообще и еще есть черты индивидуально-национальные» [5].

Қоршаған дүниедегі реалийлер, физика-географиялық объектілер, жер бедері, ландшафт т.б. сенсорлық-перцептивтік қабылдау барысында адам санасындағы менталды-когнитивтік конструктілер – гештальт, фрейм, концепт, прототип, пропозиция т.б. индивидтің, номинатордың жадында жинақталған тәжірибе, қатталған ақпарат, білімдер сипатына қарай қайта құрылымдалады.

Кеңістік фон немесе база ретінде түсінілсе, ондағы нысаналар фигура немесе профиль ретінде қабылданады. Семантистер адам танымының концептуалдануындағы ірі және ұсақ масштабтағы адаптация айырмашылығын көрсетеді. Топонимдер негізінде бұл масштабты корреляция түрінде түсіндіруге болады. Мысалы, тұтас табиғи нысаналар – көл, өзен, сай база-фон ретінде ұғынылса, оның аясындағы көз тартар айрықша белгісі ретіндегі лексикалық бірлік оның атауы болады. Яғни ерекшеленген атрибут топологиялық нысана түріндегі тұтас концептінің бөлшегі.

Нысананы визуалды қабылдаудың түрін сканерлеу десек, оның екі түрі профильдеумен байланысты келеді әрі аталымға тікелей қатысты болады. Мәселен, фон немесе база деп көзге көрінетін тұтас таудың бөлігін алсақ, оның бөктерінде шашылып жайылып жүрген қойларды елестетіп тастар фигура немесе профиль рөлін атқарады. Көзбен шолу, яғни «сканерлеу» әдісі, ұқсату, салыстыру нәтижесі аталымға негіз болады. Мысалы, *Қойтас* атауы жасалады. Сол сияқты сырт пішініне қарай профиль ретінде географиялық нысаналарға қазақ өзінің күнделікті тіршілігінде кездесетін, етене таныс зат пен құбылыстарға ұқсату, салыстыру арқылы *Сандықтас*, *Кебежетас*, *Кережетас*, *Қоржынбұлақ*, *Табақбұлақ* сынды метафоралық теңеу негізіндегі атаулар берген.

«Ономастикалық атауларда географиялық объектілердің этнос пен табиғат байланысын бейнелейтін сөздердің көп болуы топонимиялық объектілерді «*көзбен шолуға*» негізделгенін, сондай-ақ қазақтардың тұрмыс-салты, этномәдени, шаруашылық түрінің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты түсіндіруге болады» [15, 141 б.].

Қазақ халқының менталдық табиғатында, когнитивтік қабілетінде алыс-жақын «перспективалық» қабылдау, сондай-ақ глобальды-локальды қабылдау қасиеті де жоғары дамығандығын топонимдік аталым сипатынан, өзін қоршаған экологиялық ортаны жетік меңгергендігінен, өзінің қажеттілігіне қарай игере білгендігінен байқауға болады. Глобальды деп ірі масштабтағы макрофизикалық нысандарды – үлкен тауды, географиялық ауданды (мысалы, *Іле Алтауы*, *Сарыарқа*, *Жетісу өңірі* т.б.) тұтас түрде қабылдап, атау беруді айтсақ, локальды аталымға мысал ретінде стандартты (орташа) топонимдер мен микротопонимдерді (мола, құдық, бұлақ атаулары) келтіруге болады. Көшпелі мал шаруашылығымен ежелден айналысқан қазақ халқы «жер-су жағдайларын жетік білген, қоршаған ортаның, әсіресе, жер бедерінің, жайылымдардың ерекшеліктерін айнытпай танып, мал шаруашылығы жағдайларына қатысты оларды шебер пайдаланған» [15, 146 б.].

Қоршаған ортаны өз тіршілігіне тиімді пайдалану қажеттілігі, сол ортаның табиғи ерекшелігі қазақ халқының байқампаздығын, білімпаздығын аса дамытқан. Бұл тұрасында Ғ.Қоңқашбаев: «Кочевой образ жизни развил у казахов исключительную наблюдательность, необходимую для использования особенностей

своей территории прежде всего кормовых угодий, для ведения хозяйства. Сама жизнь заставляла его не только знать специфику того или иного пастбища (особенности рельефа, климата, растительности, характер водных источников, сезон его использования, пригодность для видов скота и т.д.), но и подмечать мельчайшие особенности ландшафта, могущие служить ориентацией на пути перекочевок, для укрытия скота от непогоды и.п.» [82,29 б.].

Қазақтардың табиғи нысандарды визуалды қабылдау қасиетінің ерекше дамығанын, соның арқасында жер бедерін (орографиялық нысандарды) егжей-тегжейлі номинациялау туралы Е.Керімбаев былай жазады: «Именно опосредованным влиянием кочевого скотоводства объясняется детальная дифференциация в географической лексике видов пастбищ и элементов рельефа; наличие значительного процента названий в топонимии различных видов растительности, идущей на корм скоту; наличие большого количества в топонимии обозначений по величине, форме, что характеризует повышенную роль зрительного восприятия окружающего мира кочевниками и т.д.» [19,19-20 б. б.]. Халықтың географиялық терминологиялық қоры орографиялық атауларға аса бай екендігі туралы Е.А.Керімбаевтың кандидаттық диссертациясында жан-жақты көрсетілген, сондықтан бұл мәселеге көп тоқталмаймыз. Аталған жайттар қазақ халқының қоршаған орта туралы білім деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Халқымыздың этноботаникалық танымының тереңдігін, ветеринария негіздерін мамандардан кем білмейтіндігін көреміз.

Топонимдік атаулардың аталымында таңдау артықшылығы (избирательность номинативного признака) болады. Аталымға негіз болған белгіні таңдаудағы артықшылықты сенсорлы-перцептивтік қабылдау әрекеті нәтижесінде айқындауға болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Алефиренко Н.Ф. Поэтическая энергия слова. М.: 2002, 392 с.
 [2] Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006, 280 б.
 [3] Никонов В.А. Космонимия Поволжья. Материалы третьей конференции «Ономастика Поволжья». – Уфа, 1971. – С. 16–24.
 [4] Мечковская Н.Б. Язык и общество // Общее языкознание // Под. ред. А.Е.Супруна. – Минск, 1983. – С. 118–128.
 [5] Бердяев Н. Избранные произведения. Издательство: «Феникс» 1997, 504 с.
 [6] Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины // Изв. АН КАЗ ССР. Сер. географическая. – Алма-Ата, 1951. № 99, вып.3, С. 25–36.
 [7] Керимбаев А.Е. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: автореф... докт. филол. наук. – Алматы, 1992. – 38 с.

К.К.Рысберген

Институт языкознания им.А.Байтурсынова

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ СПЕЦИФИКА ОНОМАСТИЧЕСКОЙ НОМИНАЦИИ

Аннотация. Последние два десятилетия озаменовались бурным развитием отечественной лингвистики в антропоцентрическом направлении. Данная научная парадигма, прежде всего, во главу угла ставит человеческий фактор, координатой и мерилем всего ценного выступает сам человек, его восприятие. В статье рассматривается восприятие окружающей действительности национальным сознанием, в данном случае, особенности восприятия с последующей номинацией географических объектов. Это, в свою очередь, обуславливает национальную специфичность акта самой ономастической номинации, что и отражается в особенностях казахских топонимов. Далее приводятся примеры восприятия, номинации одного и того же ономастического объекта представителями различных лингвокультур.

Ключевые слова: ономастика, номинация, лингвокультурологический, лингвокогнитивный, географическое название.

Сведения об авторе:

Рысберген Қыздархан Құрмапқызы- доктор филологических наук, Заведующая Отдела ономастики Института языкознания им.А.Байтурсынова МОН РК. Тел.: мобильный: 87073071483, домашний 390-95-18